

Қостанай облысы әкімдігінің
2024 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 501 қаулысына
3-қосымша

Қостанай облысы әкімдігінің
2012 жылғы 8 мамырдағы
№ 211 қаулысымен
бекітілген

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауыл шаруашылығы колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жарғысы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауыл шаруашылығы колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның үйымдық-құқықтық нысанындағы занды тұлғасы болып табылады.

2. Кәсіпорын Қостанай облысы әкімдігінің 2012 жылғы 8 мамырдағы № 211 «Кейбір мемлекеттік коммуналдық қазыналық білім беру кәсіпорындарын қайта атау туралы» қаулысына сәйкес қайта құрылды.

3. Қостанай облысының әкімдігі Кәсіпорынның құрылтайшысы болып табылады.

4. Қостанай облысының әкімдігі Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады.

5. Қостанай облысының әкімдігі (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган болып табылады.

Жергілікті атқарушы орган «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – басқару органды) Кәсіпорынды басқару бойынша бірқатар функцияларды жүзеге асыруға өкілеттік береді.

6. Кәсіпорынның атауы: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауыл шаруашылығы колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 111100, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Тобыл қаласы, Терешкова көшесі, 15/4.

2-тарау. Кәсіпорынның зандық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәттен бастап құрылған болып саналады және заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Мемлекеттік мекеменің дербес балансы, заңнамаға сәйкес банктердегі шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорының атауы жазылған бланкілері, мөрі болады.

10. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды коспағанда, Кәсіпорын басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, Кәсіпорын жасасатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер тіркелген кезден бастап жасалған болып есептеледі.

3-тaraу. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар мен орта буын мамандарын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру болып табылады.

13. Кәсіпорынның міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты омір салтының негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы интеллектті байыту;

3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді және қазақ тілін құрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, Конституцияға және қоғамға қайшы келетін кез келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласу қажеттілігін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы қозқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-гүрпі мен дәстүрлерін зерделеу, қазақ, орыс, шет тілдерін менгеру;

6) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) білім беру ұйымдарының автономдығын, дербестігін кеңейту, білім беруді баскаруды демократияландыру;

8) қоғам мен экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін білім беру саласын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

9) кәсіптік білім беруді қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне тез бейімдеуге ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кредиттік, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

10) жалпы оқыту, жұмыс орны бойынша оқыту мен еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және білім мен құзыреттілікке негізделген қоғамда әркімге өзінің жеке әлеуетін барынша пайдалануға көмектесетін өмір бойы оқыту жүйелерін дамыту;

11) білім, ғылым және өндірісті интеграциялау;

12) білім алушылардың кәсіби мотивациясын қамтамасыз ету;

13) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптермен белсенді өзара іс-кимыл жасау жолымен техникалық және кәсінтік білім берудің оза дамын қамтамасыз ету;

14) білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнағы жағдайлар жасау.

14. Кәсіпорын қызметінің мақсаты:

1) нақты мамандық бойынша қажетті теориялық білімі мен практикалық дағдылары бар техникалық және кәсіптік білімі бар білікті мамандарды және орта буын мамандарын даярлау;

2) еңбек нарығы мен өндіріс салаларының талаптарын ескере отырып, білікті мамандарды даярлау сапасын ұдайы жетілдіру;

3) колда бар лицензия негізінде мамандарды қайта оқыту және қайта даярлау;

4) техникалық және кәсіптік білімі бар жұмыс істейтін мамандардың біліктілігін арттыру болып табылады.

15. Койылған мақсатты іске асыру үшін Кәсіпорын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) жалпы орта білім берудің, техникалық және кәсіптік білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру;

3) тамактандыруды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер;

4) жатақханада тұруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер;

5) кашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру.

16. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сайлес мемлекеттік қызметтер көрсетеді.

17. Кәсіпорынға осы Жарғыда бекітілген мәні мен оның қызметінің мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасасуға тыйым салынады.

18. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының зандарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайши не Кәсіпорын басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі

басқару органдың не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылтуы мүмкін.

19. Кәсіпорын басшысының Кәсіпорынның жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеттері еңбек міндептерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

4-тарау. Кәсіпорынды басқару

20. Жергілікті атқарушы орган:

- 1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;
- 2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекітіп береді;
- 4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны жалға беру, өтеуіз пайдалану және сенімгерлік басқару туралы шешімдер қабылдайды;
- 5) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуы мен сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;
- 6) Казакстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

21. Басқару органы:

- 1) Кәсіпорын бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) міндепті көлемін айқындайды;
- 2) Кәсішорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді карайды, келіседі және бекітеді;
- 3) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуы мен сақталуына бақылауды, Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;
- 4) Кәсіпорын мүлкінің есебін ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;
- 5) Кәсіпорын басшысының ұсынуы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындейды және қызметтен босатады;
- 6) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;
- 7) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде Кәсіпорын басшысына, оның орынбасарына (орынбасарларына), бас (ага) бухгалтерге сыйлықақы беру және өзге де сыйакы беру жүйесін бекітеді;
- 8) Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілейді;
- 9) өзіне осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

22. Кәсіпорынның органы оның басшысы болып табылады.
23. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындастын тәртіппен жүзеге асырылады.
24. Басқару органы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын ресімдейді.
- Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген талаптардан басқа, Кәсіпорынның басшысының таза кірістің белгіленген бөлігін бюджетке уақтылы аудармағаны үшін жауапкершілігі айқындалады.
25. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорында сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-жекелілік үйімдастыруға дербес жауапты болады.
26. Кәсіпорынның басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын оның құзыретіне сәйкес Кәсіпорын қызметтің барлық мүдделерін дербес шешеді.
27. Кәсіпорынның басшысы басқару органымен келісім бойынша бас бухгалтерді қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.
28. Басшы:
- 1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;
 - 3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;
 - 4) сенімхаттар береді;
 - 5) банктік шоттар ашады;
 - 6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шыгарады және нұсқаулар береді;
 - 7) Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда әзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және жазага тартады;
 - 8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін кандидатураларды басқару органына ұсынады;
 - 9) өз орынбасарларының және Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белглейді;
 - 10) таза кірістің белгіленген бөлігін бюджетке уақтылы аудармағаны үшін; Кәсіпорынның даму жоспарын іске асырудың нәтижелілігі мен тәжілілігіне жауапты болады.

- 11) Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауап береді;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5-тaraу. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

29. Кәсіпорын білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлауға бағытталған жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

30. Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары олардың мазмұны мен білім алушылардың даярлық деңгейіне қарай білім беру бағдарламаларына бөлінеді:

- 1) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды;
- 2) орта буын мамандарын даярлауды көздейді.

Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларының тізбесі білім беру бағдарламаларының тізілімінде қамтылады.

31. Техникалық және кәсінтік білім берудің білім беру бағдарламалары теориялық және өндірістік оқыту және кәсіптік практика бағдарламаларынан тұрады.

6-тaraу. Кәсіпорынға қабылдау тәртібі

32. Кәсіпорында оқуға қабылдау тәртібі білім беру саласындағы уәкілетті органымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес айқындалады.

33. Білім алушылар қатарына қабылдау Кәсіпорын басшысының өмірімен жүргізіледі.

7-тaraу. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері) тәрбиеленушілердің сабак режимі)

34. Кәсіпорынның тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

35. Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

36. Кәсіпорын «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында, Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларында және Кәсіпорын Жарғысында белгіленген

шектерде оқу-тәрбие, оқу-әдістемелік процесті ұйымдастыруды, кадрларды мен орналастыруды дербес.

37. Кәсіпорын өз қызметін қолданыстағы заңнамаға сәйкес берілген негізінде жүзеге асырады.

38. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі Кәсіпорын жүзеге асыратын оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау және есепке алу болып табылады.

39. Білім алушыларды аудиностыру тәртібі қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

40. Кәсіпорында оқу сабактарының келесі түрлері белгіленеді: сабак, дәріс, семинар, практикалық сабак, зертханалық, бакылау және өзіндік жұмыс, кенес берік, әнгімелесу, факультативтік сабактар, курстық және дипломдық жобалау (курстық және дипломдық жұмыс, курстық және дипломдық жоба) және практика.

41. Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын асыратын техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы оқу процесі білім беру ұйымдарында теориялық оқытуды, сондай-ақ өндірістік оқыту шеберінің, оқу-өндірістік шеберханаларда, оқу шаруашылықтарында және оқу полигондарында практика жетекшісінің басшылығымен, тәлімгердің, өндірістік оқыту шеберінің, кәсіпорындар (ұйымдар) базасында практика жетекшісінің басшылығымен орындалатын өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы аттестиды.

Кәсінтік практиканың түрлері, мерзімдері мен мазмұны жұмыс оқу бағдарламаларымен және жұмыс оқу жоспарларымен айқындалады.

42. Оқыту мынадай нысандарда: күндізгі, сырттай, кешкі оқыту, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайши келмейтін өзге де нысандарда жүзеге асырылады. Оқу жылы мен оқу семестрінің ұзақтығы оқу процесінің кестесіне сәйкес белгіленеді.

43. Оқу жылы оқу процесінің кестесіне сәйкес басталады және аяқталады.

44. Оқу жылы ішінде кемінде екі рет білім алушылар үшін демалыс белгіленеді. Академиялық кезеңдер мен демалыстардың ұзақтығын Кәсіпорын дербес айқынрайды.

45. Кәсіпорындағы сабак режимі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

46. Кәсіпорындағы сабак кестесі оқу процесінің кестесіне және жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жасалады.

47. Аудиториялық сабактардың барлық түрлері үшін ұзақтығы 45 минут академиялық сағат белгіленеді.

48. Білім алушылар мен мұғалімдер үшін бір мезгілде сабактар арасындағы үзілістер кезінде демалу және тамақтану уақыты Кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерімен анықталады.

49. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжат беріледі.

**8-тарау. Білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және
корытынды аттестаттау жүйесі, оларды откізу нысандары мен тәртібі**

50. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және
корытынды аттестаттау Қазақстан Республикасының қолданыстағы занамасына
сәйкес жүзеге асырылады.

9-тарау. Білім алушыларды оқудан шығару негізdemелері мен тәртібі

51. Білім алушыны оқудан шығару Кәсіпорын басшысының бұйрығымен
расынаделеді.

52. Білім алушылар студенттер қатарынан шығарылуы мүмкін:

- 1) өз калауы бойынша;
- 2) дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтама-корытындысы
негізінде деңсаулық жағдайы бойынша;
- 3) басқа білім беру үйімінде аудиториялық аудиторияның бойынша;
- 4) ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін;
- 5) пәндер мен модульдер бойынша академиялық берешектер үшін;
- 6) Қазақстан Республикасының занамасында көзделген озге де
жайларда.

53. Академиялық демалыс білім алушыларға келесі негізде беріледі:

1) науқастануы бойынша ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейінгі
амбулаториялық-емханалық үйім жанындағы дәрігерлік-консультациялық
комиссияның қорытындысы;

2) ұзақтығы 36 айдан аспайтын туберкулезben ауырған жағдайда
Туберкулезге қарсы ұйымның орталықтандырылған дәрігерлік-консультациялық
комиссиясының шешімі;

3) әскери қызметке шақырылған жағдайда әскери қызметке шақыру туралы
шакыру қағазы;

4) үш жасқа толғанға дейін баланың (балалардың) туу туралы қуәлігі не
шифрлық құжаттар қызметінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін талап
етіледі).

10-тарау. Ақылы қызмет көрсету тізбесі мен тәртібі

54. Кәсіпорын ақылы қызметтер көрсетудің тізбесі мен тәртібін Қазақстан
Республикасының қолданыстағы занамасына сәйкес жүзеге асырады.

III-тарау. Кәсіпорынның білім алушылармен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де занды өкілдерімен қарым-қатынасты ресімдеу тәртібі

55. Кәсіпорын, білім алушылар, олардың ата-аналары және (немесе) өзге де занды өкілдері арасындағы өзара қарым-қатынастар Кәсіпорынның білім беру қызметтерін ұсыну туралы шартқа және Қазақстан Республикасының Азаматтық мемлекеттескендес маңызына, сондай-ақ «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленеді.

56. Білім алушылардың:

- 1) сапалы білім алуға;
- 2) өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;
- 3) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- 4) оқудағы және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көзделгененге және сыйақы алуға құқығы бар;
- 5) білім беру саласындағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де міндеттердің жетекшілігінде жетілдіруге құқығы бар;

57. Білім алушыларды оқу процесінен аландатуға жол берілмейді.

58. Білім алушылар:

- 1) білімді, іскерлікті, практикалық дағдылар мен құзыреттерді менгеруге, тәртіп ережелерін сақтауға, Кәсіпорынның Жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға;
- 2) өздерінің денсаулығы үшін қамқорлық жасауға, рухани және тән сулдырын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға;
- 3) педагогтің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге;
- 4) білім беру саласындағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де міндеттерді орындауга міндетті.

59. Білім алушылардың міндеттерін бұзғаны үшін оларға Кәсіпорынның тәртібінің ережелерімен және Жарғысымен көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары не білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де шаралар қолданылуы мүмкін.

60. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де занды өкілдері:

- 1) баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымдарын тандауға;
- 2) өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына көзісты Кәсіпорыннан ақпарат алуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің кәмелетке толмаған балаларының құқықтары мен мұдделерін қорғауға құқығы бар;
- 4) білім беру саласындағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де міндеттердің жетекшілігінде жетілдіруге құқығы бар;

61. Ата-аналар мен өзге де занды өкілдері:

1) балалардың өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауда, олардың зияткерлік және дene күшінің дамуын, өнегелі қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) Кәсіпорынға балаларды оқыту мен тәрбиелеуде көмек көрсетуге;

3) Кәсіпорынның Жарғысында белгіленген ережелерді орындауда;

4) балалардың Кәсінорындағы сабактарға қатысуын қамтамасыз етуге;

5) Кәсіпорын қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті;

6) білім беру саласындағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де міндеттер жатады.

62. Педагог кәсіби қызметін іске асыру кезінде:

1) білім алушылар және олардың ата-аналары немесе өзге де занды өкілдері тарапынан мамандыққа құрметпен қарауда және тиісті мінезд-құлыққа;

2) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету және қажетті жағдайлар жасалуға;

3) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуғе;

4) кемінде үш жылда бір рет біліктілігін арттыруға;

5) үздіксіз кәсіптік дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын тандауда;

6) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермелегеуге;

7) білім алушылар және олардың ата-аналары немесе өзге де занды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге құқылышы;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар жатады.

63. Педагогтің құқықтарын жүзеге асыру басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауда тиіс.

64. Педагог:

1) өз қызметінде тиісті кәсіби құзыреттерді менгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қағидаттарын сақтауда, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруға (растастауда);

4) педагогикалық әдепті сақтауда;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексеруден өтуге;

6) білім алушылар мен олардың ата-аналарының немесе өзге де занды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды занға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-аналарына, үлкендеріне, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет, жоғары адамгершілік, патриотизм, қоршаған ортаға ұқыпты қарауда рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылардың өмірлік дағдыларын, күзыреттерін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша атапаналарға немесе өзге де занды өкілдерге консультация беруге міндетті.

65. Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де нағымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілілік белгісі бойынша азаматтардың айрықша болуын, артықшылығын не кемістігін насхаттайтын үгіт-насхат жүргізу үшін, олардың дінге деген карым-қатынасы, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасы ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заннамасына қайши келетін іс-әрекеттерге итермелеуге құқығы жоқ.

12-тaraу. Кәсіпорынның мұлкі

66. Кәсіпорынның мұлкін құны оның тенгерімінде айқындалатын Кәсіпорынның активтері құрайды.

67. Кәсіпорынның мұлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

68. Кәсіпорынның мұлкі мыналардың:

- 1) оған меншік иесі берген мұлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алғынған мұлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заннамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен құрылады.

69. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мұлкі болуы мүмкін.

70. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда озгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайши келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен азызеге асырылады.

71. Жедел басқарудағы мұлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мұлік

Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

72. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мұлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз тенгеріміне бекіткен сәтінде туындарды.

73. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жок.

74. Кәсіпорынның мүлкін жедел басқару құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында меншік құқығын тоқтату үшін көзделген негіздер мен тәртіп бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 75-тармағында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

75. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жергілікті атқарушы орган басқару органының келісімі бойынша Кәсіпорыннан бекітілген мүлікті алып қоюға не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

76. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде жергілікті атқарушы орган Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстаудың және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілеуге құқылы.

77. Осы Жарғының 73-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті жергілікті атқарушы органдың жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

78. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға ~~жатпайтын жылмымалы~~ мүлікке дербес билік етеді.

13-тaraу. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

79. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алғынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

80. Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін облыстық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

81. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес өткізеді.

82. Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын басқару органы белгілейді.

83. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда ~~жеткілік~~ қызметті жүзеге асырудан Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ ~~жеткілік~~ көрсетілетін қызметтердің) қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың ~~жеткілік~~ көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру

нәтижесінде алған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мұлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

14-тарау. Қәсіпорынның жарғылық капиталы

84. Қәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мұліктен қалыптасады.

15-тарау. Қәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

85. Қәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және шағын және орта бизнеске арналған халықаралық стандартқа сәйкес Қәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясаты бойынша жүзеге асырылады.

16-тарау. Қәсіпорынның жауапкершілігі

86. Қәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, қазыналық қәсіпорынның қалған мұлкін алып қоюға жол берілмейді.

87. Қәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

88. Ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

17-тарау. Қәсішорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

89. Қәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын басқару органды белгілейді.

90. Қәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленеді.

18-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

91. Кәсіпорының әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

92. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

19-тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

93. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

94. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

95. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін таратылған Кәсіпорынның қалған мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

96. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін таратылған Кәсіпорынның қалған ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, облыстық бюджеттің кірісіне есептеледі.

20-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

97. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Қостанай облысы әкімдігінің қаулысымен енгізіледі.

Басшы

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

қолы